



**COSI**  
ДДҰ-НЫҢ БАЛАЛАРДЫҢ  
СЕМІЗДІГІН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ  
ҚАДАҒАЛАУ БАСТАМАСЫ



## Балалардың семіздігін, тамақтануын және дене белсенділігін эпидемиологиялық қадағалау нәтижелері, 2020

Қазақстанда балалардың семіздігіне мониторинг жүргізудің ұлттық жүйесі жұмыс істейді. Балалардың артық және жеткіліксіз дене салмағының таралуын қадағалау халықаралық бақылау стандарттарына (COSI раундтарына) сәйкес келетін өлшеулер мен сауалнамалар жүргізу арқылы жүзеге асырылады және 3 жылда бір рет жүргізіледі. Бұл ел қабылдаған жүйелі шаралардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

2020 жылы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы (ҚДСҰО) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) және БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) қолдауымен ДДҰ-ның Балалар семіздігін эпидемиологиялық қадағалау жөніндегі COSI (Childhood obesity surveillance Initiative) бастамасы шеңберінде зерттеу жүргізді. Алғашқы зерттеу 2015 жылы жүргізілген.

Іріктеу 2020 жыл

 **6851**  
бала

 **6330**  
ата-ана

 **153** мектеп

**14** облыс және **3** қала –  
Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент



### 6-9 жастағы балалардағы артық салмақ және семіздік


- 6-9 жастағы балаларда артық салмақ пен семіздіктің таралуы 20,6%-ды құрады (95% СИ 18,7% -22,7%).
- Семіздікке 6,6% бала шалдыққан (95% СИ 5,7% -7,7%), оның ішінде шамадан тыс семіздікке шалдыққан 1,6% бала (95% СИ 1,3%-1,9%).

- Артық салмақ пен семіздік қыздарға қарағанда – 17,6% және 4,6%, ұлдарда жиі кездеседі – сәйкесінше 23,6% және 8,7%.


Балалардың салмақтық мәртебесі ДДҰ-ның балаларының физикалық даму өлшемдеріне сәйкес 2007 ж. анықталды.

#### 6-9 жастағы балалардағы артық дене салмағы, оның ішінде семіздік


Барлығы



Қыздар



Ұлдар






**COSI** ДДҰ-НЫҢ БАЛАЛАРДЫҢ  
СЕМІЗДІГІН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ  
КАДАҒАЛАУ БАСТАМАСЫ




### Қазақстан өңірлерінде 6-9 жастағы балаларда артық дене салмағының, оның ішінде семіздіктің таралуы, 2020



ДДҰ-ның балалар семіздігін бақылау жөніндегі Еуропалық бастамасы (немесе COSI) – ДДҰ-ның Еуропалық өңіріне мүше 40-тан астам мемлекеттен 300 000-нан астам баланың бастауыш мектеп жасындағы балалар арасындағы артық салмақ пен семіздік тенденциясын өлшейтін ерекше жүйе. Бұл мәліметтер елдерге мәселенің ауқымын түсінуге, саясаттың тиімділігі мен семіздікке қатысты басымдықтарды анықтауға көмектеседі.

### COSI жүргізген елдер арасында 7-9 жастағы балаларда артық салмақ пен семіздіктің таралуы, 2015-2017 жж.\*



\*Дереккөз: WHO European Childhood Obesity Surveillance Initiative (COSI): report on the fourth round of data collection, 2015-2017. Copenhagen: WHO Regional Office for Europe; 2021.

## Балалардың тамақтануы, дұрыс тамақтанбау әдеттері






**COSI**


ДДҰ-НЫҢ БАЛАЛАРДЫҢ  
СЕМІЗДІГІН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ  
ҚАДАҒАЛАУ БАСТАМАСЫ



## Дене белсенділігі және спорт




Балалардың 69,9%-ы спорт немесе би секцияларына қатыспайды




Балалардың 13,2%-ы күніне 1 сағаттан аз белсенді ойнайды/қозғалады

## Мектепке жол





Ата-аналардың 27,7%-ы мектепке баратын жол өте қауіпті екенін атап өтті

## Аз қимылды өмір салты



Балалардың 33,9%-ы күніне 2 сағат немесе одан да көп уақыт теледидар мен электрондық гаджеттер алдында отырады

## 2015 және 2020 жылдардағы көрсеткіштерді салыстыру



2015 және 2020 жылдардағы COSI зерттеуінде 8 жастағы ұлдар мен қыздар арасында жеткіліксіз, артық дене салмағының және семіздіктің таралуының өзгеруі, Қазақстан


Қыздар арасында артық салмақ пен семіздік көрсеткіштері өзгеріссіз қалды, ал ұлдар арасында 2015 жылғы 18,7%-дан 2020 жылы 24,2%-ға дейін өсті.

2020 жылы дене салмағының жеткіліксіздігі 8 жастағы ұлдарда 2,5-тен 5,6%-ға дейін және екі жыныстағы балаларда 2015 жылдан бастап 2020 жылға қарай тиісінше 3,0-ден 5,6%-ға дейін артқан.




## Дұрыс тамақтанбау әдеттері


2020 жылы 2015 жылмен салыстырғанда күн сайын таңғы ас ішетін балалардың үлесі өсті, ал күн сайын жемістер мен көкөністерді тұтынбайтын балалардың үлесі жоғары болып сақталуда. Тәтті сусындарды күнделікті тұтыну артқан.



## Дене белсенділігі және аз қозғалысты жүріс-тұрыс



## Мектептерде дұрыс тамақтануды насихаттау (% мектеп)



## Мектептегі дене белсенділігі (% мектеп)

